



010000, Астана , Парламент Мәжілісі

201\_\_ жылғы “\_\_\_\_\_” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Б. Ә. Сағынтаевқа**

2017 жылғы 29 наурызда  
жарияланды

### **Депутаттық сауал**

#### **Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!**

Біздің осы депутаттық сауалымызға өңірлерде болып, сайлаушылармен кездесулер өткізген кезде олардың еліміздің тарихының маңызды мәселелерін көтергендігі себеп болды. Адамдарды қазір тек экономиканың жағдайы ғана қызықтырмайды, сонымен бірге олар тарихи мұраны сақтауға да мүдделілік танытып отыр.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы жаппай саяси қуғын-сүргіннің салдарынан ұлтымыздың көптеген саяси қайраткерлері мен зиялы қауымының таңдаулы өкілдері «халық жауы» деген жаламен атылып кетті және ұзақ мерзімге бас бостандықтарынан айырылды.

Міне, осындай қилы заманда қазақ халқы тағдыр тәлкегімен Қазақстанға келіп бас сауғалаған басқа этностар өкілдеріне шынайы қайырымдылық көрсетіп, олардың ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүріне толеранттылықпен қарап, өз бойындағы ғажап гуманистік қасиеттерді айқын танытты.

Сол бір адам төзгісіз қиын жағдайда ірі этносаралық қақтығыстарға жол бермеудің бірегей тәжірибесі, бір үзім нанын өзгелермен бөлісіп жескен қазақ халқының ерекше жаратылған бітім-болмысы тереңдете зерттеп, өнеге етіп ұсынуға лайықты. Дана халқымыз өз басына түскен ауыртпашылықты қайыспай көтеріп қана қоймай, жер аударылып келген басқа этнос өкілдеріне бауырмалдық білдіріп, бірлік пен татулықты қазақстандық қоғамның ең басты құндылығына айналдыра білді.

Жоғарыда айтылған жайлардың негізінде, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісіне сәйкес жалпыұлттық бірлікті нығайту, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және ортақ тарихи мұрамызды насихаттау мақсатында Мәдениет және спорт, Дін

істері және азаматтық қоғам, Білім және ғылым, Ақпарат және коммуникациялар министрліктеріне, Астана және Алматы қалалары мен облыстардың әкімдіктеріне төмендегідей қоғамдық-саяси шараларды өткізу туралы тапсырма беруді ұсынамыз:

- үстіміздегі жылы XX ғасырдың 30-40-шы жылдарындағы жаппай саяси қуғын-сүргіннің басталғанына 80 жыл толуына арналған ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастыру;

- білім беру мекемелерінде ашаршылық және жаппай саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдармен кездесулер және ашық сабақтар өткізу;

- жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін мәңгі есте қалдыруға байланысты ономастикалық жұмысты жандандыру және оларға арналған мемориалдар мен ескерткіштер орнату жұмыстарын жалғастыру;

- кітапханаларда жаппай саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдардың қатысуымен оқырмандар конференцияларын, аталған тақырып бойынша музейлерде көрмелер ұйымдастыру, кинотеатрларда көркем және деректі фильмдерді көрсету, театрларда пьесаларды сахналау;

- оқушы және студент жастардың «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарына арналған музей-мемориалдық кешеніне және басқа музейлерге, сондай-ақ жаппай саяси қуғын-сүргінге қатысты тарихи орындарға экскурсияларын ұйымдастыру;

- мемлекеттік тапсырысты орындайтын бұқаралық ақпарат құралдарында жаппай саяси қуғын-сүргін және одан құрбан болғандар мен зардап шеккендер туралы телерадиохабарлар мен жарияланымдар дайындау.

Тағдыры ортақ, біртұтас Қазақстан халқының бірегей моральдық-адамгершілік қасиеттерін кеңінен дәріптеу мақсатымен жаппай саяси қуғын-сүргіннің басталғанына 80 жыл толуына арналған қоғамдық-саяси шараларды дайындау мен өткізу барысында олардың санына емес, сапасына, яғни мән-мазмұны жоғары болуына айрықша назар аудару қажет.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,  
депутаттар,  
«Нұр Отан» партиясы  
Фракциясының мүшелері

Қазақстан халқы Ассамблеясының  
мүшелері

**К. Мұсырман**  
**Б. Мамраев**

**А. Мурадов**  
**Ш. Нурумов**